



ТІЛЕК

Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа.
Сегізінші тілек тілеңіз:
Сегіз қиыр шартарап,
Жер тұлданып тұрмасқа.
Тоғызыншы тілек тілеңіз:
Төреніз тақтан таймасқа,
Тоқсандағы қарт бабаң
Топқа жаяу бармасқа.
Оныншы тілек тілеңіз:
Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды күнде айналған,
Бұлтты күнде толғанған,
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір аңырап қалмасқа.
Он бірінші тілек тілеңіз:
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Иісі жұпар аңқыған,
Дауысы қудай саңқыған,
Назыменен күлдірген,
Құлқыменен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің
Жылай да жесір қалмасқа.

Бірінші тілек тілеңіз:
Бір Аллаға жазбасқа.
Екінші тілек тілеңіз:
Ең шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа.
Үшінші тілек тілеңіз:
Үшкілсіз көйлек кимеске.
Төртінші тілек тілеңіз:
Төрте төсек тартып жатпасқа.
Бесінші тілек тілеңіз:
Бес уақытты бес намаз
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз:
Алпыс басты ақ орда,
Ардақтаған аяулың.
Күнінде ертең біреуге
Тегіннен тегін олжа болмасқа.
Жетінші тілек тілеңіз:
Желкілдеген ту келіп,

Таным

ТҮРБЕК - ӘБЕН БҰЛАҒЫ



Ақсу-Аюлыдан 30 км жерде, Ағадырға барар тас жолдың бойында. Тас жолды су жолын бөгеп теріс салғандықтан бұлақ көзі бітеле бастаған еді. 2017 жылы Т.Есенбеков қолға алып, ел ақсақалы Балтабай, әкімі Ришад қолдап, су жолы аршылып, айналасы таспен көмкеріле қаланып, бұлақ өзінің табиғи қалпына келді.

КӨКТИҢ КӨЛІ



Осы аттас ауылдың түстік жағында. Арға жағы шөлейт жерге ұласып жатқан көл шынында да адамға көктің, яғни Алланың берген сыйы. Табиғаты мол, шалқар көл. Шөже ақынның Көктің көлі байлаулы биесіндей, Лақа балық байлардың түйесіндей. Өкең байғұс балыққа қақалғанын, Ұмытпасаң Сапақжан білесің ғой, - деген өлеңі сақталған.



Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарда жарияланған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы қалың жұрттың қолдауына ие болғаны белгілі. Елбасының сындарлы саясатының арқасында Қазақстан әлемдегі түрлі сынақтарға төтеп беріп, қарқынды экономикалық даму жолына бет алғанын, еліміздің 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясы жүзеге асырылып, жүз нақты қадам Ұлт жоспары аясында реформалар қарқынды жүргізіліп, индустрияландыру саласын өркендету үшін жүйелі жұмыстар атқарылып келе жатқанын, конституциялық реформаны жүзеге асырып, еліміздің Үшінші жаңғыруын бастағанын, рухани жаңғыру бағыты бойынша кешенді іс-шаралар жүргізіліп жатқанын және «Цифрлық

ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ - ЕЛ ҚАМЫ

Қазақстан» бағдарламасы қабылданғанын айта келіп, биылғы жолдауда алдағы негізгі 10 міндетті айқындағанына тоқталып өтті. Президентіміздің жыл сайынғы Жолдауы ең алдымен біздің мемлекеттің қарыштап дамуының бағдарын айқындаса, екіншіден, межелеген міндеттерді саралуға, ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Біз жыл сайынғы Елбасы жолдауын үмітпен күтуге дағдыландық. Жаңа мақсаттар мен міндеттердің, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын Жолдау халықтың болашаққа деген сенімін нығайтары сөзсіз. Ел ертеңіне, Ұлт болашағына деген үлкен сенім тудырады. Өр тармақта әр сала туралы жан-жақты талдап, бір-бірімен логикалық байланыста өрбітіп, жалпақ жұрттың жан дүниесі мен жүректеріне жеткізуге тырысқан. Жолдаудан бір пайымдағаным: бұл тарихи құжат- бүгінгі өмірімізді түбегейлі өзгертуге және заманауи бейімділікке жеткізуге бағытталған екен. Егер халық болып қолдап, осы Жолдауда айтылған жайттарды жүзеге асырсақ, болашағымыз-одан да жақсара түсетіні сөзсіз ғой. Ол үшін- кең байтақ Қазақстанда тұрып жатқан әрбір азамат пен азаматша жауапкершілікпен жұмыс атқарып, ізгілікті іс істеп, имани өмір сүруі қажет.

Жолдау әрбір тұлғаны жауапкершілікке шақырып, жақсы бастамаларға бастайды. Елбасы болашағына сенімді, азаматтық мақсаты анық елде ғана толыққанды мемлекет құрылатынына сенім білдірді. Ол үшін өз бойымызда және өскелең ұрпақ бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу өзекті мәселе екенін алға тартты. «Халқ тату-тәтті, саясаты сарабал елдің ғана қазынасы қыруар, болашағы баянды болады. Ырыс - ынтымаққа жолығады, дәулет - бірлікпен толығады» демекші, Қазақстан - біздің жалғыз Отанымыз. Оның әрбір жетістігі үшін барлығымыз бір кісідей қуанатынымыз да сондықтан. Жер шары кең болғанмен, біздің Отанымыз - біреу ғана! Ол Тәуелсіз Қазақстан. Елімізге, жерімізге амандық, бақыт және даму нәсіп етсін. Келешегіміз баянды, ұрпақтарымыз несібелі болсын дегім келеді.

Тоқыман ӨТЕБАЕВА,
Ақадыр өнер мектебінің ұстазы.

Тіл - еліміздің тірегі

ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Тіл - әр халық үшін ең үлкен құндылық. Тек тіл арқылы халықтың рухани мұрасы ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында айтқан болатын: «Қазақ тілі - біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз - оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толығы түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл - өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс Яғни, Елбасымыз тілдің қазіргі заманғы дамуына ерекше белсенді назар аударуға үгіттейді. Қарқынды дәуірінің талаптарына сай келетін тіл ғана мемлекеттің бәсекеге қабілетті рухани және қоғамдық негізі бола алады.

Тіл туралы мәселе - күрделі құбылыс, көп қырлы, әрине, қоғам өмірінің барлық салаларымен тығыз байланысты. Себебі, тіл қоғамнан тыс, дербес өмір сүріп, дами алмайды. Егер ол экономика, саясат, мәдениет, әлеуметтік салалардағы өз функцияларын орындамаса, онда оның жойылып кетуі сөзсіз. Тіл саясатының басты міндеті - қазақ тілін шынайы мемлекеттік тіл деңгейіне көтеру болып табылады. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тілдің қарым-қатынас, коммуникация құралы бола отырып, «Қазақстан халқын біріктіретін қуатты қару» бола алатынын айтқан болатын.

Ұлттық сезімді қалыптастыру тәсілдерінің бірі - тіл. Ол ұлттық сана мен болмыстың, халықтың рухани күшінің негізі, жастарға патриоттық тәрбие берудің аса маңызды құралы. Мемлекеттік тілді сақтау және дамыту үшін барлық шараларды жасау, тілдік саясатты жүргізу - ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттің тұрақтылығын сақтау үшін қажеттінің бәрін жасау болып табылады.

Сонымен, мемлекеттік тіл дегеніміз не және оның мемлекеттегі рөлі қандай? Қазақстан Республикасы Конституцияның 7-бабына сәйкес, мемлекеттік тіл - қазақ тілі болып табылады. Мемлекеттік тіл, объективті ақпарат құралы ретінде, өркениетті қоғам өмірінде әр түрлі мемлекеттік идеяларды іске асырады. Мемлекеттік тіл, ең алдымен, мемлекеттің барлық заңнамалық актілері қабылданатын тіл, бұл барлық ресми іс-шаралар, іс жүргізу, қызметтік хат-хабарлар, іскерлік қарым-қатынас тілі.

Өз халқының тағдыры үшін алаңдайтын әрбір адам ана тілін сақтап қалу үшін барлық күш жігерін салуы тиіс. Бауырлас халықтармен қатар қатал заманның барлық қиындықтарын басынан өткерген Қазақстан халқы үшін Тәуелсіздік алуы мен мемлекеттілігінің құрылуынан бастап, ана тілінің қайта жаңғыруы - республикамыздың дамуы мен өркендеуі жолындағы басты міндеті болуы тиіс.

Л.ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Шет ауданы Әділет басқармасының инспекторы.

20 АСТАНА

Ауылымыздың қазына қариялары, зейнеткерліктегі аталар топ болып ұжымдасқалы жарты жылдың шамасы болды. Үлкендеріміздің басын қосып біріктіріп жүрген ауылымыздың игі істерінің бастаушысы, кентіміздегі ақсақалдар алқасының төрағасы Камбар Серік ағамыз. “Сый құрметінді жасы үлкенге көрсет, қадірлей білсең қарттыңды қадірле” демекші, ауылымыздың ақсақалдарына Астананың 20 жылдық мерекесі аясында кент әкімдігінің басшылығымен «Астанам-мақтаным» тақырыбында өткізілген мерекелік іс-шара барысында ауыл азаматтарының демеушілігімен қарт адамдарға құрмет көрсетілді. Кенттік ақсақалдар ұжымына NOVA цинк кәсіпорнының қызметкері Тұрсынбеков Жарқын (үлкен теледидар) сыйға тартса, «Нұрлан» жеке шаруа қожалығының менгерушісі Секебаев Марғұлан Бекенұлы (Отау тв) арнасын сыйлады. Ал, ауыл имамы Богдан Насырұлы (жібек кілем) берсе, «Айшуақ» жиһаз дүкенінің иесі Далдабаев Кемер қарияларымызға жұмсақ жиһаз (диван) тарту етті.

Бұл сый құрметтің иегерлері, ауыл ақсақалдарымыз, Әлімшайқы Сәлімбаев атындағы спорт кешенінде душ, бассейн, тринажор залына әр аптаның үш күні тегін барып сауықтыру шараларын қабылдап тұрады және де Ақжал мейрамханасында биллиард ойының тегін ойнауға әр аптаның үш күні аталарымызға рұқсат етілген. Сонымен қатар кентіміздегі «Керемет» монша иегері де ақсақалдарымызға 50 пайызға жеңілдік беріп отыр. Мұның бәрі қарт адам-

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕГЕ АРНАЛДЫ

дарға көрсетілген үлкен құрмет деп білуге болады. Сондай-ақ, «Шұғыла» мәдениет үйінің екінші қабатында әр аптаның бес күнінде таңертеңгі 10 нан кешке дейін жаңалық ақпараттарын қарап газет-журнал оқып, шахмат,

тып, өз үлестерін қосты. Мәселен ауыл ақсақалдары Әжібжан Жанасбаев, Нұрислам Зубайриндер сайысқа қатысушы оқушыларға заманауи талабына сай әр түрлі сұрақтар қойып, олардың



шашки, домино секілді ойын ойнап, сырнай, домбыра тартып көңіл көтеруге жағдай жасалған. Бір айтарлығы кенттегі ақсақалдар арасында өнерге жақын жандардың бар екені де көңілге қуаныш ұялатады. Олар әр мереке күндері өз өнерлерін көрсетуге құлшыныс таныта біледі. Соның бір айғағы ауданымыздың 90 жылдығына арналып өткізілген мерекелік шарада Асқар Манабаев тамаша өнерімен ерекшелене түскенін тілге тиек етуге болады.

Астана қаласының 20 жылдық мерейлі мерекесі аясында «Шұғыла» мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Болашағымыз білімді жастар» тақырыбында мектеп аралық оқушылар арасында интеллектуальды сұрақ жауап «Breing Ring» ойыны бойынша сайыс өткізілді. Бұл шараға да ауыл ақсақалдары белсенділік таны-

қызығушылығын арттыра түсті.

Осындай құрмет сыйға бөленіп отырған кейуана керуен, қазына қарттар, ауыл аталары кентіміздің әкімі Мольбаев Медет Дәуренбекұлына, NOVA Цинк кәсіпорнының басшысы Асан Сүйіндік Юржанұлына, жоғарыда аты аталған демеуші азаматтарға ыстық ықыластарын білдіріп алғыс айтуда.

Ауылымыздың шырайын келтіріп, бірлік-берекесін кіргізіп, босағасына ынтымағын бекітіп отырған аталарымыздың арасы сиремесін, сіздерге денсаулық, ұзақ өмір берсін, ұрпақтарыңыздың қызығын көруге жазсын деген тілек айтамыз.

Ұ.ӨБІЛЖАНОВА,
Ақжал кенті.

“ТАҒЫ ШҰҒЫЛА” БАЙҚАУЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы аясында Астана қаласының Мәдениет басқармасының қолдауымен, өткен «Тағы шұғыла» шығармашылық жобасы аясындағы байқауға С.Сейфуллин атындағы кентте орналасқан «Балдәурен» бөбекжайының өнерпаздары хореография жанры бойынша өнер көрсетіп қайтты. Өнерлі бүлдіршіндер Дина Көшербаева, Әнел Темірхан, Кәусар Көкен, Айсара Жанболат Айсара, Совет Айарулар тамаша өнер көрсетіп, жүлделі бірінші және үшінші орындарды иеленіп, мерейлері үстем болды. Осы өнерлі балақайларды өнерге баулыған бөбекжай ұстаздары Ж.Алтынбаева, А.Данабековлар мәдениет басқармасының алғыс хатымен марапатталды.

Сонымен қатар, аталған өнерпаздар жақында Қарағанды қаласында М.Сүтүшевтің шығармашылығына арналған халықаралық Startrek «Капельки росы» фестивалы-байқауында «Қытай» биін билеп, облыс жұртшылығын өнерлерімен тәнті етіп, жүлделі екінші орынды иеленіп қайтты. Ал, биші қызымыз

Көшербаева Дина ұлттық қолөнерді дәріптейтін «Сыр-мақ биін» билеп, бірінші орынды қанжығасына байлады. Бөбекжайымыздың директоры Айымкүл Ахмедиева Қарағанды қаласында М.Сүтүшевтің шығармашылығына

тып жүрген балабақша басшысына, тәрбиешілерге және қолдау білдірген аталарға алғыс білдіреміз.

Алдағы уақытта жас өнерпаздарымыз тыңдармандарын әдемі өндерімен, әсем



билерімен тамсандыра бермек.

А.ЖӘКЕНОВА,
Сәкен Сейфуллин кенті.



КӨРНЕКІ АҚПАРАТ ҰЛТ МҮДДЕСІНЕ САЙ БОЛСЫН

Жарнама - тұтынушы мен өндіруші арасындағы маңызды дәнекер буын бола отырып, экономиканың дамуын ынталандыратын, өндірістік үдерістер мен өнім сапасын жетілдіретін маңызды тұтқа. Жарнама экономиканың ғана емес, сонымен қатар қоғамдық өмірдің де белді бөлшегіне айнала бастаған әлеуметтік құбылыс.

Көрнекі ақпараттың адамның қоғамдық санасына әсер ететінін ескерсек, оның тілі де, сауаттылығы да, заңнама талаптарына сай ресімделуі де маңызды.

Ал, осы мемлекеттік тілде жасалған жарнама мен көрнекі ақпаратта тіл заңдылығы сақталған ба? Қазіргі жарнамаларға тән ортақ кемшілік олардың алдымен орыс тілінде дайындалып, содан соң мемлекеттік тілге дұрыс аударылмауында.

Елімізде көрнекі ақпараттың пайдалануын бақылауда өңірлерді қамту дәрежесі республика бойынша 2017 жылға -75%, 2020 жылға қарай-100% жеткізу көзделген. Көрнекі ақпараттың пайдаланылуын бақылауды қамту дәрежесін арттыру жұмыстары Шет ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тұрақты назарында.

Аудан бойынша жарнама, көрнекі ақпараттардың ахуалын саралау мақсатында аудандағы «Ұлағат» қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігі, жергілікті «Шет шұғыласы» газеті редакциясы, ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту, аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімдері мамандарынан жұмыс тобы құрылған. Мұндай топтар әр кент пен округтерде бар.

Жұмыс тобының негізгі мақсаты: шағын және орта бизнес өкілдеріне жарнамалар мен басқа да көрнекі ақпаратты тіл туралы заң талабына, дұрыс жазу ережелері мен әдеби тілі нормасына сәйкес рәсімдеуде практикалық көмек көрсету болып табылады.

Сондай-ақ, көрнекі ақпараттың тілін Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заңының 21-бабына сәйкестендіріп, мазмұнын ұлттық мағынада беру бағытында жүйелі жұмыстар атқару болып табылады. Көрнекі ақпарат саласында дүкендерге, қоғамдық тамақтану орындарына қойылатын атаулардың бүгінгі идеологиялық талаптарға сай келуі, ұлттық сипатта болуы және дұрыс жазылуы аса маңызды.

Биылғы жылы тоқсанына екі рет өткізілген жарнама айлығына аудан бойынша 297 нысан қамтылды, оның ішінде 219 көрнекі ақпарат және 73 нысанға рейд жүргізілді. Іс-шара барысында ауылдардағы барлық дүкендер мен сауда орындарының, мекемелердің көрнекі ақпарат құралдары, жарнамалар, билбордтар және тағы басқа ақпарат құралдары тексерілді. Көрнекі ақпаратты рәсімдеуде тіл заңнамасы нормалары жөнінде анықталған сәйкестік кемшіліктер бойынша кәсіпкерлермен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кемшіліктерді болдырмау туралы ұсыныс хаттар табыс етілді.

Жүргізілген айлық жұмыстарының қорытындысына сәйкес, көрнекі ақпараттар мен жарнамалардың басым бөлігінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңының 21-бабына қайшы тек бір тілде рәсімдеу, мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтіндердің орналасу ретін сақтамау, мемлекеттік және орыс тіліндегі мәтіндер әріптерінің бірдей

өлшемде болу талабын орындамау, маңдайшалардың заң талабына сәйкес ілінбеуі, мәтіндердің өзге тілден мемлекеттік тілге дұрыс аударылуын қадағаламау, көптеген грамматикалық, орфографиялық қателерге жол беру деректері орын алған.

Аудан аумағында ауыл көркіне ажар беретін еңселі нысандар сандары арта түсуде. Халық игілігіне жұмыс жасап отырғанымен, жеке кәсіп иелері нысан маңдайшаларына, сыртқы жарнамаларына аса назар аударма бермейді.

Жүргізілген рейд барысында тағы бір байқағанымыз, аудан төңірегінде орналастырылған кейбір ақпараттық жарнамалардың заман ағымына сай ауыстырылып отыруы өте баяу жүруде, көптеген нысандардың маңдайша жазуларының ажасмелділігі, ескіріп кеткендігі, кейбір жазулардың әріптері түсіп қалған, ғимараттарға да абағандыру шараларын қоса жүргізуді қажет етуде.


Сыртқы жарнамалар мен көрнекі ақпараттарда тілдің дұрыс қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) барынша тиімді, әрі жүйелі жұмыс жасауы тиіс. Осы орайда айта кететін бір жайт, көрнекі ақпараттар мен жарнамаларды орналастыру, олардың мәтіндерін келісу мәдениет, тілдерді дамыту және сәулет, қала құрылысы бөлімдерінің бірлескен жұмысы негізінде жүзеге асырылуы қажет.

Өкінішті тұсы, жеке кәсіпкерлер сыртқы жарнама эскиздерін тек сәулет қала құрылысы бөлімдерімен келісіп, көрнекі ақпараттың мәтіндерін редакциялық және лингвистикалық тұрғыдан тексеруге келгенде мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерін айналып өтетіні жасырын емес. Сонымен қатар, кейбір жеке кәсіпкерлер сауда, дәмхана атауларының жазылуын тексеріп алмай «өзім білемділікке» салып, Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» және «Жарнама туралы» заң талаптарын сақтамай заңсыз іліп жатқаны қаншама.

Тағы бір маңызды мәселелердің бірі - көрнекі ақпараттарды жаңа әліпби негізінде латын графикасына көшіру міндеті тұр. Осы жылдың соңына таман емле ережесі бекіген жағдайда көше аншлағтарын, тағы да басқа көрнекі ақпараттарды латын графикасына ауыстыру бойынша тиісті іс-шараларды жоғарғы деңгейде ұйымдастыру қажет. Бұл бағытта Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының тапсырысымен әзірленген кирилл қарпін латынға ауыстыратын арнайы конвертер /krgtil.kz/ жұмыс істеп тұр, алдағы уақытта соны басшылыққа алуға болады.

Ауданымыздағы қоғамдық орындарда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тұрғысында атқарылып жатқан жұмыстар баршылық, дегенмен де, жарнама мен көрнекі ақпараттың өзектілігі мен сауаттылығын арттыру, ұлттық мүддеге және заңнамаға сәйкестігін бақылау бойынша жұмыстар басты назарда бола бермек.

Г.МАХМУТОВА,
Шет ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы.





АШЫҚТЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалды реформаларды жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарының 20-тармағында барлық сот процестеріне бейне-жазба және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу қарастырылған.

Бүгінде елімізде сот саласында жүріп жатқан қарқынды жұмыстардың бірі сот қызметінің ашықтығын жолға қою десек қателеспейміз. Осы мақсатта заманауи технология негізінде дыбыс-бейне жазба құрылғыларын сот үрдістерінде қолдануға ерекше маңыз беріліп отыр.

Атап айтсақ, сот отырысын аудио-бейне тіркеу құралдарымен тіркеп жазуды сот отырысының хатшысы жүргізеді. Істі талқылауды аудио немесе бейне жазу құралдарын пайдалану арқылы тіркеп жазған жағдайда сот отырысының хатшысы жазбаша нысанда қысқаша хаттама жасайды. Қазіргі таңда мемлекет бойынша сот отырыстарының барлық залдары толығымен бейне-жазба және таспаға жазу жүйесімен жабдықталған. Сонымен қатар, сот отырысының уақытылы басталуы, отырыстың барлық кезеңі автоматты режимде жазылады. Бұл отырыс қатысушыларын тәртіпке келтіріп, сот отырысының мәдениетін ұстауларына ықпал етеді. Судьяның бейне жазуды тоқтатуға немесе аудио жазу материалдарын

редакциялауға мүмкіндігі болмауы тиістігі аталмыш Ұлт Жоспарында нақты көрсетілген. Осылайша, сот жүйесінің әділ өтуі қадағаланады. Сот процесі аяқталысымен қатысушыларға бейне және дыбыс жазбаның көшірмесі беріледі. Аудио және бейне жазбаларды қолдану сот төрелігін жүргізу процесін жылдамдатып, сот өндірісін автоматтандырады және тиімді ете түседі.

Сот отырыстарына дыбыс-бейне тіркеу жүйесін енгізу - бұл баршаға айқын, қолжетімді және заңның үстемдік етуіне негізделген, уақыт талабына сай сот төрелігін құру жолындағы қадам болып табылатыны талассыз.

С.ЖАҒЫПАРОВА,
Шет аудандық сотының бас маманы.

ӘДЕП ӘДІЛЕТТІҢ АЖАРЫН АШАДЫ

Елбасының бастамасымен «Нұрлы жол» стратегиялық бағдарламасын жасап, тауу болашақта өлемнің дамыған 30 елінің сапына қосылуды мұрат тұтқан Қазақ елі де өз жолын белгіледі. «100 нақты қадам – баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарын жасап, табанды түрде жүзеге асыруға кірісті.

Қоғам дамуының жеткен белестері әдет-ғұрып, әдеп нормаларын жаңа сапаға көтеріп отыратындығы белгілі. Қолданыстағы Судьялардың әдеп нормалары еліміздің сот жүйесінің өткен кезеңдердегі жағдайына қарай көптеген ұсыныстарды екшей келе жаңартылған болатын. Судья алдына әркім де әділдік іздеп келеді және билік төрінен адам жанын түсініп, тыңдай, тіп табыса білетін парасатты, білімді де, білікті, мей-

ірбан жанды көргісі келеді. Судья бір мезгілде бірнеше іс тағайындап, сотқа қатысушыларды жинап алып, процессті уақытында бастамаса, істі қарау барысында тараптарға дәрекілік көрсетіп, жағымсыз қылық байқатса, немесе іс қарауды негізсіз кейінгі қалдыра берсе - ол заң талабына ғана емес, сонымен бірге, судьяның кәсіптік әдебіне де сай келмес еді.

Қазір ашықтық пен жариялылық уақыты. Сот актілері Интернет желісіндегі соттардың сайттарына орналастырылады. Электрондық нұсқадағы сот актілерімен танысушылар ең әуелгі кезекте сот актісінің стилистикалық, грамматикалық және орфографиялық қателеріне назар аударады және оның негізділігі туралы бастапқы әсер де осыдан туындайды. Демек, судья про-

цессуальдық құжаттарды сауатты және уақытылы, сапалы дайындауға тиіс. Ал, ұқыпсыз, түсініксіз, грамматикалық және басқа қателері бар сот актілері судьяға деген сенімсіздікті, оның біліктілігіне, сондай-ақ, әділдігіне орынды күмән туғызады. Сондықтан судьяның аса сауатты және ұқыпты болып, кәсіби біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыруы да оның әдеп ұстанымдарының құрамдас бөлігіне айналғаны жөн.

Судьялардың жаңа ар-ождан қағидаттары осы мақсатқа қызмет етеді деген сенімдеміз.

Г.ТЕМІРБЕКОВА,
Шет аудандық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНКТИҢ DOING BUSINESS БАҒЫТЫМЕН ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ИНДЕКСІ БОЙЫНША ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕГІ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі таңда дүниежүзілік банктің өткен жылғы бизнесті жүргізу есебі бойынша Қазақстан Doing Business-2017 рейтингінде 32 сатыға көтеріліп, 189 елдің ішінде 41-ші орынға тұрақтады. Ал, былтыр 36-орында болатын. Еліміз жоғарыда келтірілген есеп негізінде реформаны көп жүзеге асырған, соның ішінде бизнесті жолға қоюды жақсартқан мемлекет ретінде аталады. Мысалы, 10 бағыттың 7 көрсеткіші бойынша 19 реформа іске асты. Ұлттық экономика министрлігі құрылысқа берілетін рұқсатты алу рәсімдерін оңайлау, сондай-ақ, халықаралық сауда бойынша Қазақстанның Doing Business рейтингісінің позицияларын жақсарту мақсатында реформалар жүргізді. Бұдан қоса, шағын және орта кәсіпорндарды тіркеу рәсімдері жеңілдетіледі. Осыған орай, Дүниежүзілік банктің Doing Business рейтингісі жақсарту мақсатында Әділет Министрлігіне 3 индикатор бекітілді: мекеме ашу, тіркеу меншігі және орындау келісімі Тіркеу меншігі бойынша жылжымайтын мүлікке меншік құқығын қорғауды нығайту мақсатында 2014 жылдың 29 желтоқсанындағы «Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту бойынша Қазақстан

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» ҚР Заңы аясында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және заңды тұлғаларға қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ, Дүниежүзілік Банктің «Doing Bussines» рейтингінде Қазақстанның «Меншікті тіркеу» көрсеткішін арттыру бойынша нотариалдық мәмілелер негізінде туындайтын ХҚКО арқылы өтініш берушілердің баламалы өтініш тәртібі 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап алынып тасталды, яғни осындай мүлікке құқықтарды тіркеу тек электрондық форматта жүзеге асыру және бір күн ішінде, яғни, азаматтарға мүлікті құқықтық тіркеу бір жерде (нотариуст) және қысқа мерзімде тіркеуге мүмкіндік береді.

Заңның 9 бабының 1 тармағына сәйкес адам құқық (құқық ауыртпалығы) туындауы үшін заңдық факт басталған, оның ішінде шартты нотариат куәландырылған, сот шешімі күшіне енген, өзге де құқық белгілеуші құжаттар берілген сәттен бастап алты айдан кешіктірмей мемлекеттік тіркеу туралы өтінішпен жүгінуге тиіс. Аталған баптың 2 тармағында жеке және (немесе) заңды тұлғалардың осы баптың 1-тарма-

ғында белгіленген мерзімді бұзуы Қазақстан Республикасының заңында көзделген жауаптылыққа өкеп соғатыны көрсетілген.

Атап айтқанда жылжымайтын мүлікке құқықтардың туындауын және құқық ауыртпалығын тіркеу үшін тіркеуші органға тіркеу туралы өтінішпен жүгінудің алты айлық мерзімін бұзу кезінде тұлға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің (бұдан әрі-Кодекс) 460 бабымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады. Яғни, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғалар үшін айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салынады. Бірақ осы айтылған көрсеткішті жеті күн ішінде төлеген жағдайда көрсеткіш мөлшері 5 айлық есептік көрсеткішке азаяды. Сондықтан жылжымайтын мүлік құжаттарын пайда болған сәттен бастап 6 ай ішінде Әділет басқармасына тіркетуді ұмытпаңыздар.

Д.БАЛАБЕКОВ,
Шет ауданы Әділет басқармасының бас маманы.

Сақтық шаралары

ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ ШЫҒУ ЫҚТИМАЛДЫҒЫ ЖОҒАРЫ!

2018 жыл ауданымыз үшін ауа-райының қатаңдығымен есте қалатындай болып тұр. Қысы қақаған аязымен, жазы болса аптап ыстықтарымен өрттердің шығу ықтималдығын жоғарылатып отыр. Күннің ыстығынан дала шөбі әбден қурап, кез келген мезетте бұрқ етіп жануға дайын тұр.

Биылғы жылы ауданымызда 4 дала өрті оқиғасы тіркеліп, өрт аумағы 93 гектар жерді қамтыды. Егін, шөп басқа да дала жұмыстарының нағыз қызған шағы болғандықтан, бұл санның көбеюі әбден мүмкін. Ал, дала өрті егін алқаптары мен шабындық жерлерін және шаруа қожалықтарының шауып жатқан шөбіне жетсе, өте үлкен шығындарға әкелетіні бәрімізге мәлім.

Табиғи өрттерді болдырмау және алдын алу, далада еңбек етіп жүрген ша-

руа қожалықтарына да байланысты. Сондықтан аудандағы әрбір шаруашылық басшыларына өрт қауіпсіздігі ере-



желерін сақтауын тағы бір мәрте ескертеміз. Дала жұмыстарына қатысатын техникаларды өрт сөндіру құралдарымен жабдықтап, оларға шоқсөндіргіш-

тер міндетті түрде орнатылуы тиіс. Қазақстан Республикасындағы өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес егін егіп, шөп шабатын аумақтарды айналдыра жырып өрттен алдын ала қорғану жолын жасап, өрт қауіпсіздігі шараларын қатаң орындауға барлық дала алқаптарында жүргізілетін ұйым басшылары міндетті.

Табиғи өрттердің алдын алу және сөндіру шаралары барлығымызға ортақ негізгі жұмыстардың бірі болып қала бермек.

Дала өрттері орын алса, тез арада Шет ауданының өрт сөндіру бөлімінің 101 немесе 87103121101 телефонына хабар берулеріңізді сұраймын.

Е.САПАРОВ,
Шет ауданы ТЖБ-нің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Гендерлік саясат

ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДІҢ ТЕҢДІГІ ҚАЗАҚСТАНДА ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Қазақ халқы отбасыға өте қатты мән берген. Қызды тұрмысқа берерде, баласын үйлендірерде текті отбасыларға, тәрбиелі отбасыларға беруге талпынған. Бұл деген сөз, өзінің ғана ұрпағын емес, бүкіл қазақ халқының тектілігі жоймау мақсатындағы әрекет болып табылады.

Осындай әдет-ғұрып, салт-дәстүр қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына үлкен рөл атқарған. «Отан- отбасынан басталады» деген қанатты сөзді ұстанған біздің ұлы халқымыз отбасының қоғамдағы рөлін түсінген. Сондықтан да, отбасыны өте қатты құрметтеп, сақтаған. Бірақ қазіргі жаһандану үрдісінің кесірінен қазақ отбасының шаңырағы шайқалып жүр. Сайып келгенде, қазақстандағы отбасымен әлеуметтік жұмыстың өзіндік ерекшеліктері ұлттық құндылықтарымызға, ұлттық ерекшеліктерімізге байланысты. Негізінен отбасымен әлеуметтік жұмыстың көрсетілуі барлық елдерде бірдей болып келеді. Мемлекеттің отбасы саясатын жүргізуіне, мемлекеттің қаржылық жағдайына байланысты болады. Қазақ халқы отбасылық проблемаларды туысқандық негізде бірлесіп отырып шешкен.

Қазіргі кезде жаһандану үдерісінен пайда болған отбасылық проблемаларды шешу Қазақстан Үкіметінің және әлеуметтік жұмыскерлердің алдындағы келелі мақсаттардың бірі.

«Қазақстан - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясына (бұдан әрі - Стратегия-2050) сәйкес еліміз Қазақстанның өлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіру жөніндегі тұжырымдамада көрініс тапқан жеделдетіп жаңғырту мен индустрияландыруға бағыт алды.

Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және қорғау саласындағы негізгі қалауы құжаттарына қосылды. Сонымен қатар, Қазақстан 2015 жылғы қыркүйекте БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттарына қосылды, ондағы 17 мақсаттың 12-сі гендерлік-сезімтал болып табылады. Бұл мақсаттар мемлекеттің барлық стратегиялық бағыттары мен міндеттері аясында ұлттық бейімдеуді және есепке алуы талап етеді.

2006 - 2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын (бұдан әрі - Гендерлік стратегия) қабылдау және іске асыру тек әйелдердің ғана емес, сонымен қатар ерлердің де құқықтары мен мүмкіндіктерін неғұрлым тең қарауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қолданыстағы құжаттарында отбасы институты әлеуметтік қорғаудың айрықша объектісі ретінде қаралады. Дамудың жаңа кезеңінде адами капиталдың сапасына әсер ететін барлық әлеуметтік институттардың арасында отбасының рөлі маңызды болғандықтан, Қазақстанға отбасы саясатын қалыптас-

тыруда өзінің тәсілдерін жасаған маңызды.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, отбасының функционалды беріктігі деңгейіне гендерлік қатынастар моделі елеулі әсер етеді. Гендерлік теңдік деңгейі жоғары болған сайын, отбасы мүшелерінің өздерінің тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік-тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындауда жауапкершілігі, тепе-теңдігі мен нәтижелігі жоғары болады.

Осылайша, заманауи берік отбасының қалыптасуына жағдай жасау және гендерлік теңдікке қол жеткізу қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың ажырамас процесі болып табылатыны айқын.

Мемлекеттік отбасылық саясат Қазақстанның әлеуметтік саясатының құрамдас бөлігі болып табылады және отбасылардың өмір сүру жағдайы мен сапасын жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық, ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз



ету қағидаттары, бағалаулары және шаралары жүйесін білдіреді.

Отбасыларды қолдаудың ресурсты орталықтарының қызметі ұйымдастырылды. Формальды білім беру жүйесінде оқушыларды адамгершілік және патриоттық сезімге тәрбиелеуге қатысатын өкелердің қоғамдық бірлестіктері дами бастады.

Отбасы күні белгіленіп, жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық сайысы өткізіледі. Отбасылық қарым-қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайту жөніндегі 2015 - 2020 жылдарға арналған жалпыұлттық жоспар бекітілді, ол отбасылық құндылықтарды нығайту, салматты өмір салтын қалыптастыру, Жалпыға бірдей еңбек қоғамын құру сияқты үш бағыт бойынша іске асырылады, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты құрылды.

Г.ЖАҚАНОВА,
Шет ауданының №2 аудандық сотының бас маманы, аға сот приставы.

ПОКУПАТЕЛЯМ НЕДВИЖИМОСТИ В ШЕТСКОМ РАЙОНЕ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЕ

Изменены банковские реквизиты для регистрации недвижимости.

В целях совершенствования и развития института защиты собственности, функция по регистрации прав на недвижимое имущество из ведения органов юстиции передается в Госкорпорацию "Правительство для граждан" (ЦОН).

«Развитие современных информационных технологий требует от государства модернизации и защиты информационных систем и, соответственно, пересмотра порядка осуществления государственных функций в условиях глобализации».

Передача функции предусматривает объединение процедуры подачи документов и регистрации прав на недвижимое имущество непосредственно в ЦОНах. Это сократит сроки оказания услуги, а также позволит создать единый кадастр недвижимости и в целом выведет данную услугу на новый качественный уровень.

Данные изменения никак не отражаются на процедуре регистрации прав

на недвижимое имущество как для граждан, так и для юридических лиц.

При передаче данной функции передается и соответствующее финансовое обеспечение данной сферы, необходимое для развития института регистрации собственности. Так, регистрационный сбор в государственный бюджет заменяется платежом непосредственно в Госкорпорацию.

При этом действующие ставки сбора, предусмотренные статьей 553 Кодекса "О налогах и других обязательных платежах в бюджет" исключены с 1 июля 2018 года (одобрено на заседании Республиканской бюджетной комиссии).

В связи с вышеизложенным доводим до сведения населения об изменении банковских реквизитов для оплаты регистрации недвижимости.

Управление юстиции Шетского района.

Жыр дәптерінен



Бекзат Жапатайұлы Алтынбек 1993 жылы 30 желтоқсанда Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында туған. Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың филология факультетін бітірген. Бүгінде Қарағанды облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасында жетекші маман болып қызмет жасайды. 2012 жылы жас прозашылардың арасында өткен Ғ.Мұстафин атындағы облыстық бәйгеде «Жанрлық ізденіс» номинациясын иеленді. Кейін аталмыш шығарма жинаққа енді. 2013 жылы Құрбан айтқа орай ұйымдастырылған қала студенттері арасындағы проза бәйгесінің, 2017 жылы М.Әуезовтың туғанына 120 жыл толуына орай ұйымдастырылған Қарағанды қаласының жастары арасындағы проза бәйгелерінің жеңімпазы. Қаламынан туған шығармалары республикалық мерзімді басылым беттерінде, өлендері оқушы кезінен бері аудандық газет бетінде жарық көрген. Бүгін жерлесіміз Бекзаттың бір топ өлендерін газет бетіне жариялауды жөн көріп отырмыз.

ШИМАЙ ДӘПТЕР

(минипоэма)

СЫР

Кездесуі жүректердің ғанибет:
Ернім қанған өпкенге.
Басыма қан тепкен, (бірден тани кет)
Күмілжіген көктемде.

Ашуымның себебі - тек ашаң қыз,
Жымығаны еректеп.
Қосылғанда күндей шуақ шашармыз...
Жауын құйды шелектеп.

Жиһанда көп толтырылмай қалғандар,
Сезім де - бір тостаған.
Кес-кестеумен өткізбесе арманға ар,
Ардың өзі оспадар.

Пірөдар мен деме асық күйі егіз,
Кейінгісі мас қана.
Жан жүреппен өліп-өшіп сүйеміз,
Үйленеміз басқаға...

АТЖАЛМАН

Дөңгелектегі атжалман,
(Бұл сүрлеу әбден тапталған.)
Құжаттарың да қатталған,
Денеңе ғана шақ-ты арман.

Тауға тас өрлеткен Сизифтай.
(Оны біз ұқтық, сіз ұқпай.)
Өлшеп салынған сызықты-ай,
Қарармын қалай қызықпай.

Кендікте жүр едің, қамады.
(Қатулы иеннің қабағы.)
Ендікте көргін шаманы, -
Атжалман - атың, шара мұң.

Жүгіре бермегін зыр қағып,
(Қайда барсаң да бір бағыт.)
Қараймын саған ұрланып,
Адамға ұқсатам, бұл ма құт?!

Дөңгелектейін күйбеңім,
(Денедей тұйық үйдемің.)
Өмірді рас қой сүйгенім,..
Атжалмандайын күйге ену?!

КІТАПХАНАШЫ

Кітаптар әлемі.
Автор-ау, бұнда тек
шығарман....
Үнгірдей күйбеңнің әлегі,
(Ұ)рухқа керек-ақ шырағдан.

Әр бөлім - мінездес бауырлар,
Өліпби бойынша бөлінген.
Әртүрлі талғамға тәуір бар,
Талғамға дауа жоқ. Өлімге...

...Оқырман дірілдеп...
тоқталды біріне,
Оқу зал(ы) тыныштық
қозғасын.
Кейіпкер феникстей тірілер,

Куәмін, куәмін өз басым.
Шаршады, шалдықты ол бүгін,
Онаша қалдыр дейді. Кітаппен.
Сыртынан сүйетін сорлымың,
Үшінші болмасам жұтап па ем?!

Одан соң... Айту - тым әбестік,
Құзырым жетері - бақылау.
Әріптер сөйлейді, әрі естіп.
Көзбенен өбісіп жатыр-ау...

...Адамзат - кітаптар әлемі,
Авторлар - сомдаған
тағдырлар.
Күйзелтер сөйлемнің әлегі,

Бет сайын ашылар сан
қырлар.

Талғамға талас жоқ, тармасу.
Тек өзім сүйемін барлығын!
Кітапқа мерзімін жазбасын.
Уақыты жазбасын,
Тағдырдың қаттайтын
әр мұңын!..



Жүрегінің сиясын мойындап па ең?..
Төгетұғын қағазға ойын баппен.
Әдіптеп-ақ түсірер әріптерді,
Төсқалтаға салып ап қойындөптер.

Дүниеде сезімге сенген жат па?..
Қол ұстасып сезімі ерген бақта.
Ғалам түгіл ол дағы естен шықты,
Ғарыш жақтан сигналдар келген уақта.

Сезім, сенім өзара табысты ма?..
Ошақ, ұрпақ,.. басынан бақ ұшты да.
Көкте жүрді. Көкіді деп ұқты қыз,
Жердегімен жеңісін салыстыра.

Ден қойғаны, ем болса, ішкілікке..
Бұрылғысы жоқ еді ескі үмітке.
Мұңы менен сиясы - сауытында,
Дәптеріне төгілер кешкілікте.

Оны дағы тондырған ызғар ма еді?..
Қай дауылың, деп жүрді, қозғар мені.
Ғадауатпен кәсібі алға басты,
Дәптерінің азайды сызған жері.

Желкеніне орай жел енді ескен бе?..
Палуанды жыға алды белдескенде, -
Ашуына қаламы қырсықты кеп,
Шулерлерге не түрлі кездескенде.

Мандайымда, жоқ әлде дәптерімде?..
Жеттім деді, - әу бастан бақ берілген.
Өкпелетті талайды. Масайрады.
Қаламдайын шығарды ат терін де.


...Жаза алмады, жоқ әлде жаза алмадым?..
Өлгеннен соң қаламда наз-арманы.
Жарты беті жыртылған, шимай-шимай...
Мекені оның бұл күнде - базар маңы.

Қызығы жоқ бұл қисса, несін айтам?..
Өлендейін бөбектің бесігі - Ай, таң.
Өленге, әлде өмірге Әріп барар,
Мастықтан соң кіргенде есі қайта.

...Өлерінде өртеуге қимай қап па ең?..
Бар сырымды бүктеумен жинайды, өттең!
Дірілімен қаламның шатпақталған,
Өмірлер-ай! Шетінен шимай дәптер...

Құттықтаймыз

Ақадыр кентінің тұрғыны,
асыл жар, аяулы ана **ТЛЕГЕ-
НОВА Гаухар Қазыбекқызын**
14-ші шілде күні 45 жасқа тол-
ған туған күнімен шын жүрек-
тен құттықтаймыз! Мықты ден-
саулық, ұзақ ғұмыр тілейміз!



Сіз ғой, біздің өмірдегі тірегіміз,
Өрқашан біз деп соқты
жүрегіңіз.
Ортамызда бақытты ғұмыр
кешіп,
Шаңыраққа шаттық толсын,
тілегіміз.

Құттықтаушылар: жолдасы - Ербол, қайын сіңлісі
Алмагүл, Нұрбек, Ералы.

Біле жүріңіз

БӨТЕЛКЕДЕГІ СУ БАС
САҚИНАСЫНА ШАЛДЫҚТЫРАДЫ

Канзас университетінің ғалымдары пластик ыдыстағы ауызсуға құмар болмауға кеңес береді. Олардың зерттеуіне, пластик бөтелкедегі су бас сақинасы ауруына шалдықтыруы мүмкін.

The Daily Mail-ге сілтеме жасаған Meddaily.ru-дың хабарлауынша, ғалымдар пластик ыдыстар құрамында болатын бисфенол А химиялық заты-

ның кеміргіштерге әсерін зерттеген. Соның нәтижесінде бисфенол қосындысын тұрақты тұтынған кезде ағза белсенділігінің азаятыны, оның қатты дыбыс пен жарқын жарыққа төзімділігі нашарлайтыны анықталды.

Ғалымдардың айтуынша, бұл - бас сақинасы ауруының басты белгісі.

Сол себепті канзастық мамандар пластик ыдыстағы ауызсуды жиі тұтынуды және микротолқынды пешке арналған бір реттік ыдыс тардан тағам жезді де доғаруға кеңес береді. Олардан жиі тағам жеген адамдарға әр түрлі аурулар үйір келеді.

Айта кетейік, Еуроодақ елдері, Қытай мен Канадада балалар өнімдері өндірісінде бисфенол А затын қолдануға тыйым салынған.

Сонымен қатар австралиялық таксология профессоры Крис Уиндердің айтуынша, жануарларға жасалған тәжірибенің арқасында бисфенол-А-ның әртүрлі ауруларға себепші болатыны дәлелденген. Ондай

аурулардың қатарында өсу жүйесі, қалқанша безі, орталық жүйке жүйесі қызметтерінің бұзылуы сияқты қауіптілері де бар. Шамадан тыс семіріп, қан қысымының көтерілсе де бөтелкедегі судың әсері деуге болады. Бірақ бисфенол-А-ның адамға зиянына байланысты ғалымдар ойы әртүрлі. Себебі, адам мен жа-



нуарға бір элемент не әрекеттің әсері өрқалай. Зерттеу жұмыстары әзірше жануарларға жүргізілген.

Пластикалық бөтелкеге құйылған судың басты кемшіліктерінің бірі - бағасында. Ол құбырдағы судан жүз еседей қымбат. Сонымен қоса, пластикалық бөтелкелердің өндірілуі қоршаған ортаға орны толмас залал келтіруде. Су құюға қажет бөтелкелер үшін жылына 1,5 миллион тонна пластик өндіріледі екен.

Көбінесе бөтелкені су сақтау мақсатында қайта-қайта қолданып жатамыз. Ол да қате. Пластикалық бөтелкедегі бактериялар белсенді түрде көбейе беруі мүмкін. Сондықтан, әр қолданудың алдында бөтелкені салқын сумен мұқият жуу керек.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП САНАЛСЫН

Жексенбаева Марал Ильясовнаға 2003-2004 оқу жылында Жарық орта мектебінен 11 сыныпты бітіргендігі жөнінде берілген №1177131 аттестаты жоғалғандықтан жарамсыз деп танылсын.